

НВП-19-1 тобы мен топ кураторы Н.С. Байжуманованың Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейіне саяхат бойынша есебі

НВП-19-1 тобының студенттері топ кураторы Н.С. Байжумановамен бірге ҚарМТУ-нің кешенді жоспарының тәрбие жұмыс жоспарына сәйкес Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейіне саяхат жасап барды.

Топ бойынша студенттердің саны – 13.

Музейге барғаны – 8.



Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің 1800 ш.м. құрайтын, 14 экспозиция залы бойынша гид барлық залды аралатып қана қоймай, олардың мән-маңызын түсіндірді. Оның ішінде Қарағанды аймағының табиғаты, ертедегі тарихы, тұрғын халықтың тұрмыс-тіршілігі мен мәдениеті көрсетілген. Музейдің қорында 133 мыңнан астам жәдігер сақталған. Олар осы өңірдің тарихи кезеңдерін айқын бейнелейді.

Музейде бес бөлім: табиғат, жалпы және қазіргі заман тарихы, экскурсиялық - көпшілік жұмысы және сақтау қоры бөлімдері бар. Қордағы археология, этнография заттары, қолданбалы өнер өнімдері осы өлкеде тұратын қазақ, орыс, украин, корей т.б. халықтардың салт-тұрмысын, мәдениетін ашып бере алады.





2017 жылы Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің ашылғанына 85 жылдығын атап өтті.

Мұражайдың кіре берісіндегі үлкен залда Қарағанды облысының физикалық-географиялық картасы көрсетілген, онда облысымыздың территориясы, халқы, жөнінде жалпылама мәліметтер берілген. Қарағанды облысы Еуропа мен Азияның тоғысындағы қолайлы географиялық жағдайда орналасқан, облыстың жалпы көлемі 428,0 мың ш.км.

Жалпы студенттер бұл саяхаттаудың нәтижесінде Қарағанды аймағы бойынша біраз ақпарат алып қайтты және өте қызықты өтті.